

## БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

10 маусым 2021 жыл

### **KASE биржалық нарықтың 2021 жылдың мамыр айындағы жұмысының қорытындысын ұсынады**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE, Биржа) 2021 жылдың мамыр айындағы қызметінің негізгі қорытындылары туралы хабарлайды.

- KASE сауда-саттығының жиынтық көлемі 2021 жылдың мамыр айында 11,6 трлн теңгені құрап, сәуір айына қатысты 2,5 %-ға немесе 278,2 млрд теңгеге өсті.
- KASE Индексінің мәні 4,3 %-ға өсіп, 3 381,66 нүктені құрады.
- Акциялар нарығын капиталдандыру 7,6 %-ға 19,8 трлн теңгеге дейін төмендеді.
- Саудаланатын корпоративтік борыштың көлемі 2,3 %-ға 14,9 трлн теңгеге дейін өсті.
- 2021 жылдың 01 маусымдағы жағдай бойынша KASE сауда-саттық тізімдерінде 183 эмитенттің 469 атаудағы мемлекеттік емес бағалы қағаздары болды.
- 2021 жылдың 01 маусымындағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде жеке тұлғаларға ашылған 171 325 жеке шоттар болды, бұл алдыңғы аймен салыстырғанда 8 882 шотқа және 2021 жылдың басына қарағанда 38 464 шотқа артық.

### **НЕГІЗГІ ЖОБАЛАР МЕН ІС-ШАРАЛАР**

2021 жылдың 19 мамырында Қазақстан қор биржасы "CFO Summit-2021" қаржы блогының басқарушылары мен топ-менеджерлеріне арналған жыл сайынғы саммиттің серіктесі болды. KASE Басқармасының Төрайымы Алина Алдамберген зейнетақы активтерінің ел экономикасын капиталдандыруға қатысуына арналған панельдік пікірталастың спикері ретінде қатысты. Қаржы секторын цифрландыру тақырыбындағы сессияға KASE Басқармасы Төрағасының орынбасары Наталья Хорошевская қатысты.

2021 жылдың 26 мамырында Биржа экологиялық, әлеуметтік тәуекелдер және корпоративтік басқару тәуекелдеріне (ESG – Environmental, Social, Governance) арналған оқыту вебинарын өткізді. Вебинар барысында спикерлер ESG мақсаттары, ұйымның рейтингтеріне әсер ету факторлары және KASE-де ESG-ақпаратын ашу туралы айтып берді.

### **АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ**

Мамыр айының қорытындысы бойынша акциялар нарығын капиталдандыру 19,8 трлн теңгені (46,4 млрд USD) құрады, бұл өткен айдың ұқсас көрсеткішінен 1,6 трлн теңгеге немесе 7,6 %-ға аз. Төмендеу KAZ Minerals PLC жай акцияларының делистингімен байланысты, компанияның капиталдандырылуы сәуір айының соңында 2,2 трлн теңгені құрады. Ішінара төмендеу KASE Индексінің қоржынына акциялары енгізілген компанияларды капиталдандырудың өсуімен нивелирленді.

Мамыр айының соңында KASE сауда тізімдерінде 122 Эмитенттің 138 акциялары болды, оның ішінде төрт эмитенттің төрт атаудағы акциялары "Листингтік емес бағалы қағаздар" секторында айналысқа жіберілді.

Есептік айда KASE ресми тізіміне екі атаудағы жай акциялары енгізілді: AltynGold PLC және "Сентрас Секьюритиз" АҚ. Эмитентінің бастамасы бойынша KAZ Minerals PLC жай акциялары Биржаның ресми тізімінен шығарылды.

Мамыр айында акциялармен сауда-саттық көлемі 31,7 %-ға немесе 2,3 млрд теңгеге 4,9 млрд теңгеге дейін төмендеді. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 270,6 млн теңгені құрады, мәмілелердің орташа күндік саны – 1 836, бір мәміленің орташа көлемі – 147,4 мың теңге. Ішінара төмендеу KAZ Minerals PLC делистингімен байланысты. Сәуір және мамыр айларында акциялардың сауда-саттығы тек қайталама нарықта өтті.

Инвесторлардың негізгі санаттары боцынша жеке тұлғалардың үлесіне акциялармен жасалған мәмілелердің жиынтық көлемінің 46,1 % тиесілі болды. Брокер-дилерлердің үлесі – 12,4 % құрады. Басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне 10,2 %, өзге заңды тұлғаларға – 31,3 % тиесілі болды. Резидент еместердің қатысуы 9,7 % мөлшерінде бағаланады.

## KASE ИНДЕКСІ

KASE индексі мамыр айының қорытындысы бойынша 4,3 %-ға немесе 138,85 тармаққа 3 381,66 тармаққа дейін өсті. Индекстің мәні 20 жылдан астам уақыттан бері тарихи максимум аймағында әлі тұр. Мамыр айында индекстік акциялармен жасалған мәмілелер көлемі 2,7 млрд теңгені құрады, бұл сәуір айындағы ұқсас көрсеткіштен 47,1 %-ға немесе 2,4 млрд теңгеге аз. Сауда-саттықтың ең үлкен көлемі "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ жай акцияларына тиесілі болды – 748,3 млн теңге (индекстік акциялар сауда-саттықтарының жалпы көлемінің 27,8 %).

06 мамырдан бастап KASE Индексінің өкілетті тізімінен олардың делистингіне байланысты KAZ Minerals PLC жай акциялары шығарылды.

## KASE өкілетті тізіміне кіретін акциялар бағасының және акциялар сауда-саттығының көлемінің өзгеруі

| Эмитент                          | Код     | Бағасы, бір акция үшін теңге |                  |       | Көлемі, млн. теңге |       |        |
|----------------------------------|---------|------------------------------|------------------|-------|--------------------|-------|--------|
|                                  |         | 01.05.21<br>ж.б.             | 01.06.21<br>ж.б. | Δ, %  | сәуір              | мамын | Δ      |
| "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ | HSBK    | 153,00                       | 170,50           | +11,4 | 976,6              | 748,3 | -228,3 |
| "Қазатомөнеркісіп" АҚ            | KZAP    | 12 097,99                    | 13 394,00        | +10,7 | 138                | 115,8 | -22,2  |
| "Банк ЦентрКредит" АҚ            | CCBN    | 232,2                        | 249,99           | +7,7  | 1 171,40           | 184,5 | -986,8 |
| "ҚазТрансОйл" АҚ                 | KZTO    | 1 129,99                     | 1 215,99         | +7,6  | 689,6              | 532,2 | -157,5 |
| "KEGOC" АҚ                       | KEGC    | 1 739,10                     | 1 760,00         | +1,2  | 158,5              | 288,1 | +129,6 |
| "Кселл" АҚ                       | KCEL    | 2 541,00                     | 2 522,16         | -0,7  | 996,7              | 664,4 | -332,3 |
| "Қазақтелеком" АҚ                | KZTK    | 30 000,00                    | 28 145,65        | -6,2  | 427,5              | 154,4 | -273,2 |
| KAZ Minerals PLC*                | GB_KZMS | 4 500,00                     | 4 450,00         | -1,1  | 535,3              | 8,3   | -527,0 |

\* Ескертпе: KAZ Minerals PLC жай акцияларымен соңғы мәміле 04 мамырда жасалды .

Индекстік акциялар арасында бағаның ең елеулі өсуі "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ жай акциялары бойынша тіркелді, олар бір данасына 11,4 %-ға 170,5 теңгеге дейін өсті. Елдегі ең ірі коммерциялық банктің акциялары 2021 жылдың бірінші тоқсанындағы компанияның қаржылық есеп берушілігі жарияланғаннан кейін мамырдың екінші жартысында белсенді өсу кезеңін бастады.

Халық банкі 2021 жылғы қаңтар-наурызда ҚЕХС бойынша 96,8 млрд теңге мөлшерінде шоғырландырылған таза пайда алғанын, бұл 2020 жылдың қаңтар-наурыз айларына қарағанда 19,4 %-ға артық екенін хабарлады. Осыған орай, пандемия басталғаннан бері алғаш рет банк акцияларының бағасы 160 теңгеден жоғары тіркелді. Банк таза пайда негізінен сақтандыру қызметінен түскен таза кірістің, таза комиссиялық кірістің өсуі және несиелік шығындар бойынша шығыстардың төмендеуі есебінен артқанын атап өтті.

Сонымен қатар, S&P Global Ratings рейтингтік агенттігінің Банктің BB/B деңгейіндегі ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді несиелік рейтингтерін растауы өсу драйвері бола алады, болжам – "тұрақты". Сондай-ақ банктің ұлттық шкала бойынша "kzA+" деңгейіндегі рейтингі расталды. Халықаралық рейтинг агенттігі Халық банкі соңғы бірнеше жылда проблемалық несиелер санын қысқартуда тұрақты прогресті көрсетіп отырғанын атап өтті.

Бағаның өсу қарқыны бойынша екінші орынды "Қазатомөнеркәсіп" АҚ жай акциялары алып отыр. Атом компаниясының қағаздары бір айда 10,7 %-ға өсіп, бір акцияға 13 394 теңгеге дейін көтерілді, осылайша атом компаниясының акциялары 2021 жылы кезекті рет KASE тарихи максимумын жаңартқаннан кейін сәуір айындағы түзетумен үзілген өрлемелі трендті жалғастырды. Қолдау 2020 жылға дивидендтер төлемдерінің өсуі болуы мүмкін. Сонымен қатар, басқа салалық индикаторлар да өсуді көрсетті, бұл атом компаниясының акцияларына қолдау болды. Осылайша, мамыр айындағы NYMEX-те уран фьючерстері 7,8 %-ға өсті, ал ETF URA 11,6 % қосты.

2021 жылдың 20 мамырында өткен акционерлердің жылдық жалпы жиналысында 2020 жылға дивидендтер төлеуге 150 млрд теңгеден астам (бір жай акцияға 578,67 теңге) бағыттау туралы шешім қабылданды. 2020 жылдың қорытындысы бойынша "Қазатомөнеркәсіп" АҚ таза табысы 221,4 млрд теңгені құрады. Осылайша, таза пайданың 68 % дивиденд төлеуге бағытталады.

Өткен жылдың қараша айынан бастап сенімді өрлемелі тренд "ҚазТрансОйл" АҚ жай акцияларында байқалуда. Акция бағасын қолдайтын оқиғалардан өткен жылдың соңында Қазақстанның ішкі нарығына мұнай айдауға арналған тарифті тоннасына 1 000 км-ге 4 355,57 теңге мөлшерінде бекітуді бөліп көрсетуге болады, бұл алдыңғы уақытша тарифтен 6 % - ға жоғары. Тариф 2021 жылдың 01 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді. Мамыр айында компания бір акция үшін 7,6 %-ға 1 215,99 теңгеге дейін өсті.

Сонымен қатар, акциялар 2020 жылға дивидендтер төлеу қарсаңында өсті. "ҚазТрансОйл" АҚ акционерлері жылдық жалпы жиналыста дивидендтерді төлеуге жалпы сомасы 50,8 млрд теңге бағыттау туралы шешім қабылдады. Бір жай акцияға шаққандағы төлем мөлшері 132 теңгені құрайды. Дивидендтерді төлеудің басталу күні – 2021 жылдың 18 маусымы. ҚЕХС бойынша компанияның таза пайдасы 2020 жылы 2019 жылғы ұқсас көрсеткішпен салыстырғанда 24,3 %-ға өсті.

Сонымен қатар, компания қайта құрудан кейін "Өзен-Атырау-Самара" магистральдық мұнай құбырының учаскелерін қосу бойынша жұмыстар жүргізілгенін хабарлады. "Атырау – Самара" мұнай құбыры қазақстандық мұнайдың әлемдік нарыққа экспорты бойынша екінші орында. 2020 жылы "АтырауСамара" мұнай құбыры арқылы 14,4 млн тонна қазақстандық мұнай тасымалданды.

## **КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР НАРЫҒЫ**

Айналыстағы корпоративтік борыш көлемі мамыр айында 2,3 %-ға немесе 333,6 млрд теңгеге 14,9 трлн теңгеге дейін (34,9 млрд USD) өсті.

Мамыр айының соңында KASE ресми тізімінде 66 эмитенттің шығарған 270 корпоративтік облигациялары болды. Есептік айда ресми тізімге "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ халықаралық облигацияларының екі шығарылымы енгізілді. Мамыр айында ресми тізімнен "Фридом Финанс" АҚ облигацияларының айналым мерзімінің өтуіне байланысты бір шығарылымы алып тасталды.

KASE\_BMY корпоративтік облигацияларының табыстылық индексінің мәні мамыр айында 11 базистік нүктеге жылдық 10,53 %-ға дейін төмендеді.

KASE корпоративтік облигациялар сауда-саттығының көлемі сәуір айына қатысты 46,8 %-ға немесе 35,5 млрд теңгеге 40,3 млрд теңгеге дейін төмендеді. Төмендеу бастапқы және қайталама нарықтарда байқалды. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 2,2 млрд теңгені (қайталама нарықта – 1,1 млрд теңге), мәмілелердің орташа күндік саны – 32 мәмілені (қайталама нарықта – 30 мәміле), бір мәміленің орташа күндік көлемі – 70,6 млн теңгені (қайталама нарықта – 37,3 млн теңге) құрады.

Корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығында жалпы сомасы 19,9 млрд теңгеге үш эмитент облигациясының үш шығарылымы орналастырылды, бұл сәуір айының көрсеткішінен 41,7 %-ға немесе 14,3 млрд теңгеге төмен:

- "Отбасы банк" тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ жылдық 10,8 %-бен және өтеу мерзімі 5,2 жылға дейінгі облигацияларды орналастыра отырып, 6 млрд теңге тартты;
- "Аграрлық несие корпорациясы" АҚ жылдық 11,5 %- бен және өтеуге дейінгі мерзіммен бес жылдық облигацияларды орналастырып, 9,4 млрд теңге тартты;
- Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ еншілес ұйымы үш жылдық облигацияларды орташа сараланған өтеуге кірістілігі жылдық 10,99 % орналастыра отырып, 4,6 млрд теңге тартты.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығында ЕДБ үлесі 30,1 %-ды, брокер-дилерлік ұйымдар – 10 %, басқа институционалдық инвесторлар – 46,6 %, өзге заңды тұлғалар – 13,2 % құрады. Бейрезиденттер орналастыру бойынша сауда-саттыққа қатыспады.

Облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі сәуір айына қатысты 51 %-ға немесе 21,2 млрд теңгеге 20,4 млрд теңгеге дейін төмендеді.

Корпоративтік облигациялардың қайталама нарығында инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде ЕДБ үлесі 0,2 %, брокер-дилерлік ұйымдардың үлесі – 40,7 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 12,9 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 40,5 %, жеке тұлғалардың үлесі – 5,8 % құрады. Бейрезиденттердің үлесі 1,8 % құрады.

## МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ (МБҚ)

Мамыр айының қорытындысы бойынша Қазақстан қор биржасында саудаланатын мемлекеттік қорыстың номиналдық құны 2,4 % төмендеді, немесе 433,3 млрд теңгеден 17,3 трлн теңгеге дейін (40,5 млрд USD).

МБҚ сауда-саттықтарының көлемі мамыр айында 0,8% немесе 267,7 млрд теңгеге немесе 2,1 млрд теңгеге өсті. Сөйтіп, сауда-саттық көлемі алғашқы нарықта өсті, ал қайталама нарықта төмендеуі байқалады. Орташа сараланған сауда-саттық көлемі - 14,9 млрд теңге (қайталама нарықта – 3,1 млрд теңге), орташа күндік мәміле саны – 10 (қайталама нарықта – 4 мәміле), бір мәміленің орташа көлемі – 1,4 млрд теңге (қайталама нарықта – 737 млрд теңге).

МБҚ алғашқы нарық көлемі 212,5 млрд теңгені құрады, ол сәуір айының көрсеткішінен 2 есе немесе 106,4 млрд теңгеге артып, 212,5 млрд теңгені құрады. Аталмыш көлемнің 96,4 % немесе 204,7 млрд теңгесі өтеу кірістілігі жылдық 9,40-10,65 % МЕКАМ орналастыруға келді (шығарылым бойынша орташа сараланған кірістілігі жылдық 9,65-10,62 %): Қаржы министрлігінің қолданыстағы шығарылымының 11 қосымша орналастыру және мерзімі алты жылға жылдық 10,4 % бір жаңа шығарылымды орналастыру. Қалған 7,7 млрд теңгені (3,6 %) Алматы қаласының әкімдігі (5,6 млрд теңге жылдық 4,25 ) және Солтүстік Қазақстан облысы (2,1 млрд теңге жылдық 4,25 %).

Алғашқы нарықтағы инвесторлардың негізгі санатында ЕДБ үлесіне 82,8 %, брокер-дилерлердің үлесіне – 2 %, өзге институционалдық инвесторлардың үлесіне – 7,5 %, өзге заңды тұлғалардың үлесіне - 7,7 %. Бейрезиденттердің қатысуы 0,9 % бағаланады.

Қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 65,4 % немесе 104,3 млрд теңгеге өсіп, 55,3 млрд теңгені құрады. Қайталама нарықтағы Ұлттық Банктің ноттарымен сауда-саттық үлесі сауда-саттықтың жалпы көлеміне қарағанда 45,2% немесе 25 млрд теңге жалпы айналымға қарағанда, 49,7 % немесе 27,5 млрд теңге – МЕКАМ мәмілелері. Қалған 5,1 % (2,8 млрд теңге), негізгі көлемі Қазақстан Республикасының еурооблигацияларымен және шет елдік эмитенттердің мемлекеттік бағалы қағаздарға келді.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санатында ЕДБ үлесіне 41,1 %, брокер-дилерлердің үлесіне – 4,1 %, өзге институционалдық инвесторлардың үлесіне – 12,8 %, өзге заңды тұлғалардың үлесіне - 41,8 %, жеке тұлғалардың үлесіне - 0,2 %. Бейрезиденттердің қатысуы 1,1 % бағаланады.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ

Есептік кезеңнің соңына қарай KASE сауда-саттық тізімдерінде төрт халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларының 35 шығарылымы болды: Азиялық даму банкі, Еуразиялық даму банкі, Еуропалық қайта құрылымдау және даму банкі, Еуропалық инвестициялық банк, Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC).

## ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ ҮЛЕСПҮЛДАРЫОННЫХ ФОНДОВ

01 маусымда Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздар секторында алты басқарушы компанияның басқаруымен 17 инвестициялық қорлар және бес ETF орналастырылды.

Мамыр айында KASE ресми тізімінің "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздар" секторына 3 жаңа үлеспұл енгізілді: "Қазақстан Халық банкінің еншілес ұйымы" "Halyk Finance" АҚ басқаруымен - "Halyk – Ликвидный", "Halyk – Сбалансированный" және "Halyk – Перспективные инвестиции" және бір ETF – iShares Global Clean Energy ETF.

Есептік кезеңде сауда-саттық көлемі 1,8 млрд теңге және сәуірге қарағанда 29,7 % немесе 0,8 млрд теңгені құрады.

| Құралдар               | Көлемі, млн теңге |                |               | Мәміле саны, дана. |              |
|------------------------|-------------------|----------------|---------------|--------------------|--------------|
|                        | сәуір             | мамыр          | өзг сома      | сәуір              | мамыр        |
| RU_UKFFipo             | 1 935,3           | 1 175,6        | -759,7        | 833                | 468          |
| FFIN_or                | 70,2              | 327,1          | +256,9        | 75                 | 86           |
| FHJlag                 | 12,3              | 127,3          | +115,0        | 11                 | 19           |
| US_BIL_                | 67,8              | 76,1           | +8,3          | 4                  | 6            |
| US_SPY_                | 40,3              | 35,4           | -4,9          | 130                | 107          |
| FHJlpc                 | 42,1              | 22,8           | -19,3         | 5                  | 3            |
| IE_FXBF                | 19,7              | 12,3           | -7,4          | 430                | 295          |
| CSECgm                 | 135,5             | 8,2            | -127,3        | 16                 | 3            |
| CSECfe                 | 187,8             | 6,5            | -181,3        | 18                 | 2            |
| FHJlds                 | 2,3               | 4,8            | +2,5          | 66                 | 139          |
| US_ICLN                | -                 | 4,0            | +4,0          | -                  | 7            |
| FHJlhm                 | 44                | 1,3            | -42,7         | 71                 | 106          |
| FHJllq                 | 4,5               | 0,3            | -4,2          | 2                  | 3            |
| <b>Жалпы қорытынды</b> | <b>2 561,80</b>   | <b>1 801,8</b> | <b>-760,0</b> | <b>1 661</b>       | <b>1 244</b> |

Инвесторлардың негізгі санатында 48,7 % жеке тұлғаларға келді, 34,6 % – брокерлік-дилерлік ұйымдар және өзге заңды тұлғаларға – 16,7 %.

## БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНДАҒЫ ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ШОТТАРЫ

2021 жылдың 01 маусымындағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде жеке тұлғалардың атынан ашылған 171 325 жеке есеп-шоттар болды, бұл көрсеткіш өткен айға қарағанда 8 882 шотқа, ал 2021 жылдың басына қарағанда 38 464 шотқа артты.

## ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ

2021 жылдың мамыр айында Қазақстан қор биржасында шет ел валюталары нарығындағы сауда-саттыққа 26 KASE мүшесі қатысты.

Шет ел валюталары нарығындағы сауда-саттық көлемі бір айда 1,1 трлн теңгеге жетті. Ол сәуір айының сәйкес кезеңімен салыстырғанда RUB/KZT валюталық жұбынан басқа барлық валюталық жұптарда 16,1 % немесе 206,8 млрд теңгеге төмендеуі байқалады.

Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі сәуір айында 60,1 млрд теңге, мәмілелердің орташа күндік көлемі – 375, бір мәміленің орташа көлемі – 160,3 млн теңге.

Төмендегі кестеде Биржада саудаланатын валюталық жұптардың негізгі сипаттамалары келтірілген (жақшаның ішінде көрсеткіштің өткен айдағы ұқсас кезеңіне қатысты өзгеруі, бағамның өзгеруі шетел валютасының теңгеге орташа сараланған биржалық бағамының номиналды өзгеруін көрсетеді).

| Жұп     | Көлемі,<br>валюта<br>бірл.млн | Сауда-саттық<br>көлеміндегі<br>үлесі, % | Мәмілеле<br>р<br>саны | Базалық бірл.<br>айырбаст. валют.<br>мин. және макс.<br>бағамдары | Айдың<br>соңындағы<br>бағам (өзг.%) |
|---------|-------------------------------|---|-----------------------|---|-------------------------------------|
| USD/KZT | 2 459,85<br>(-15,8 %)         | 97,3 %<br>(-0,2 %)                      | 6 431<br>(-1 580)     | 426,12 – 429,20   | 428,71<br>(-0,1 %)                  |
| RUB/KZT | 2 122,38<br>(+9,1 %)          | 1,1 %<br>(+0,3 %)                       | 217<br>(-75)          | 5,7117 – 5,8499   | 5,8499<br>(+1,9 %)                  |
| CNY/KZT | 207,92<br>(-4,7 %)            | 1,3 %<br>(+0,2 %)                       | 76<br>(-52)           | 65,9231 – 67,4122   | 67,4122<br>(+1,6 %)                 |
| EUR/KZT | 5,49<br>(-53,4%)              | 0,3 %<br>(-0,2 %)                       | 20<br>(0)             | 521,6 – 523,0   | 523,00<br>(+0,8 %)                  |

## АҚША НАРЫҒЫ

Нарықтағы сауда-саттық көлемі 10,2 трлн теңгені құрады, өткен аймен салыстырғанда 5,4 % немесе 520,8 млрд теңгені құрады.

Валюталық своп операциялары бойынша USD/KZT және МБҚ автоматты репо операцияларымен кірістілік мәні мәмілелер арқылы орташа сараланған мәнін көрсететін, бір жұмыс күніне ашылған, ақша нарығының MM Index Композитті индикаторы жылдық 26 б.н. ашылып, жылдық 8,37 % – 8,11 % дейін азайды.

## Репо операцияларының нарығы

2021 жылдың мамыр айында осы сегменттегі сауда-саттық көлемі 9,3 трлн теңгені құрады, ол өткен айдың көлеміне қарағанда 319,6 млрд теңге немесе 3,6 % артық. Орташа күндік операциялар 513,9 млрд теңге, орташа күндік мәмілелер – 508, бір мәміленің орташа көлемі – 1,01 млрд теңге.

Репо операцияларының біршама көлемін 6 640,9 млрд теңге МБҚ авторепо операциялары құрады немесе репо операцияларының жалпы көлемінен 71,8 %, ҰБҚ-мен авторепо – 2 602,3 млрд теңге немесе 28,1 %, ҰБҚ тікелей репо – 6,9 млрд теңге немесе 0,07 %, 2021 жылдың мамыр айында МБҚ-мен тікелей репо операциялары жүзеге асырылған жоқ.

Мамыр айының аяғына қарай TONIA индикаторы (Биржада автоматты репо секторындағы бағалы қағаздармен МБҚ қоржынымен жасалған бір жұмыс күні мерзіміне ашылған мәміле бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлемесі) 27 б.н өсіп, жылдық 8,38 %-дан 8,11 %-ға дейін азайды.

TRION индикаторы (Биржада автоматты репо секторындағы бағалы қағаздармен МБҚ қоржынымен Орталық контрагент қызметін пайдалана отырып, клирингілік қызметті жүзеге асыратын, Биржада жасалған бір жұмыс күні мерзіміне ашылған мәміле бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлемесі) 25 б.н. азайып, жылдық 8,37 %-дан 8,12 %-ға дейін азайды.

TWINA индикаторы (Биржада автоматты репо секторындағы бағалы қағаздармен МБҚ қоржынымен Орталық контрагент қызметін пайдалана отырып, клирингілік қызметті жүзеге асыратын, Биржада жасалған жеті жұмыс күні мерзіміне ашылған мәміле бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлемесі) 30 б.н. азайып, мамыр айында жылдық 8,74 %-дан 8,44 %-ға дейін төмендеді.

2021 жылдың мамыр айында TONIA, TRION және TWINA репо операциялары индикаторларының құбылмалылығы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі дәлізі аясында құбылып тұрды. Шикізат товарларына әлемдік сұраныстың жағсаруы және экономиканың қалпына келтірілу белгілері пайыздық мқлшерлеменің жалпы тұрақтануына жақсы әсер етті.

### **Валюталық своп операциялары**

2021 жылдың мамыр айының аяғына қарай валюталық своп нарығындағы операциялардың сауда-саттықтарының жиынтық көлемі 938,3 млрд теңгеге немесе 201,2 млрд теңгеге, сәуір айында 27,3 % өсті. Мамыр айында операцияларының орташа күндік көлемі 52,1 млрд теңгені, мәміленің орташа күндік саны – 11, бір мәміленің орташа көлемі - 4,9 млрд теңгені құрады.

Қаржы құралдарының құрылымында сауда-саттықтардың жалпы көлеміндегі 66,5 % бір күндік валюталық своптардың нарығында бір күндік валюталық своп мәмілесіне (USDKZT\_0\_001) бір апталық валюталық своп мәмілелері бойынша сауда-саттықтың жалпы көлемінен 29,6 % (USDKZT\_0\_002), бір айлық валюталық своп мәмілелері бойынша сауда-саттықтың жалпы көлемінен 3,9% (USDKZT\_01M).

Мамыр айының аяғында бір күндік долларлық своп индикаторы SWAP-1D (USD) 14 б.н.азайып, жылдық 8,08 % -дан 7,94 % құрады. Екі күндік валюталық своп кірістілігі SWAP-2D (USD) 25 б.н. азайып, жылдық 8,20 % -дан 7,95 %-ға дейін азайды.

### **ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫ**

Базалық активтері АҚШ доллары және KASE Индексі, акциялардың жекелеген атаулары болып табылатын, фьючерстер қолжетімді. Наурыз айының басында деривативтер нарығында сауда-саттыққа қатысушылардың ашық позициясы болған жоқ, мамыр айында операциялар болған жоқ.

### **Анықтама үшін**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде бесінші орын алады.

Бұл – репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады. KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz).